ЖЕҢІС КҮНІМЕН!
С ДНЕМ ПОБЕДЫ!

# NURA

СӨЗ АТАСЫ – АҚИҚАТ

№17 (5563)
5 мамыр
2018 жыл

Газет 1932 жылдан бастап шығады

Аудандық қоғамдық – саяси газеті

## Құрметті аудан тұрғындары! Құрметті әскери қызметкерлер!

7 мамырда ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы Жарлығына қол қойғанына 26 жыл толып, біздің күнтізбемізде тағы бір айтулы мереке – Отан қорғаушылар күні пайда болды. Ел қауіпсіздігін, Отан тыныштығын кірпік қақпай күзететін жандардың еңбегі біздің елімізде қашаннан зор құрметке ие болып келеді. Сондықтан да бұл күн тәуелсіздік жолында күрескен ерлеріміздің ерен ерлігін ұлықтайтын күнге айналды. Отанды қадірлейтін, оның тарихын құрметтейтін, ерлік пен жауынгерлік күшке ие нағыз ерлердің мерекесіне айналды. Мемлекет басшысының қолдауының арқасында еліміздің Қарулы Күштері халықаралық қауіпсіздіктің ажырамас бөлшегіне айналды, қаруы қуатты, сарбазы сақадай сай айбынды әскер құрылды. Жылдан-жылға олардың әскери қарым-қабілеті артып, заманауи қару-жарақпен жабдықталып, қатары білікті кадрлармен толығып келеді. Әскери қызметтің түрлі салаларында борышын өтеу мыңдаған жастар үшін ерлік пен отансүйгіштіктің тамаша мектебіне айналды. Олардың қатарында өзінің конституциялық және азаматтық парызын абыроймен әрі адал атқарып жүрген нұралық жерлестеріміз де аз емес.

Құрметті әскери қызметкерлер, осы күнде Отан алдындағы борышын адал атқарып жүрген барлық сарбаздар! Сіздерді шын жүректен Қазақстан Республикасының Қарулы күштері күнімен құттықтаймыз! Сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық, бақыт, бірлік-береке тілейміз!

**Аудан әкімі — Н.И. Омарханов**
**Аудандық мәслихат хатшысы — Т.Х. Оспанов**

## Уважаемые нуринцы! Уважаемые военнослужащие!

7 мая 1992 года Президент страны Н.А.Назарбаев подписал Указ о создании Вооруженных Сил Республики Казахстан, и с тех пор этот день стал всенародным праздником – Днем защитника Отечества.

В этот день мы чествуем и тех, кто стоит на страже интересов государства, спокойствия и благополучия населения.

Служба в различных родах войск является настоящей школой мужества и патриотизма для многих молодых людей, которые, будучи верны своему конституционному и гражданскому долгу, достойно несут службу в воинских подразделениях.

Уважаемые военнослужащие, все, кто служил в армии или выполняет свой воинский долг в наши дни! Сердечно поздравляем вас с замечательным праздником мужества и стойкости – Днем защитника Отечества.

Желаем вам и вашим близким доброго здоровья, счастья и благополучия!

**Аким Нуринского района — Н.И. Омарханов**
**Секретарь районного маслихата — Т.Х. Оспанов**

## Құрметті нұралықтар!

Міне, биыл Ұлы Отан соғысының біздің Жеңісімізбен аяқталғанына да 73 жыл толып отыр. Бұл мейрам – біздің халықтың өрлігін, батылдығын, абыройын паш етумен қатар, бейбіт өмір мен Отан үшін жан қиған жауынгерлерімізді еске алатын ерекше маңызды мереке. Бізге бүгінгі бейбіт күнді жанқиярлық батылдығымен сыйлағаны үшін Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне шексіз алғысымызды білдіреміз. Отан үшін отқа түскен батырларымыз мәңгі есте сақталады! Қазіргі ұрпақтары үшін ата-бабасының батырлығы мен Отанға деген шексіз махаббаты үлгі.

Құрметті Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлері, сіздердің ерліктеріңіз бен жанқиярлық батырлықтарыңызға алғыс білдіреміз. Жеңіс күні - ұлы мерекесімен сіздерді шын көңілден құттықтаймыз! Сіздерге зор денсаулық, баянды ғұмыр және жақындарыңыздың зор ілтипатына бөлене берулеріңізді тілейміз.

**Аудан әкімі — Н.И. Омарханов**
**Аудандық мәслихат хатшысы — Т.Х. Оспанов**

## Уважаемые жители Нуринского района!

Примите самые искренние поздравления с великим праздником - Днем Победы!

Этот праздник особенный для каждого человека: величие Победы и горечь утрат в нашей стране коснулись каждой семьи.

Мы с благодарностью вспоминаем всех, кто сражался на передовой, героически работал в тылу, восстанавливал народное хозяйство в послевоенные годы, скорбим о тех, кто не дошел до Победы, а также ушел из жизни уже в мирное время.

Мы испытываем чувство гордости за беспримерный героизм, мужество и стойкость сохранивших для наших народов мир и свободу. Мы всегда будем чтить память тех, кто отдал жизни на полях сражений.

В этот день хочется поздравить тех, кто трудился в тылу не покладая рук.

И сегодня нас объединяет общая скорбь о безмерных жертвах войны. Мы склоняем головы перед светлой памятью дедов, отцов, матерей, ценой своих жизней отстоявших свободу и независимость нашей общей Родины!

Уважаемые нуринцы, в этот славный и памятный день желаем вам крепкого здоровья, благополучия и мирного неба! И наш общий долг — помнить, какой ценой была завоевана Победа, воспитывать у новых поколений бережное отношение к ее наследию.

**Аким Нуринского района — Н.И. Омарханов**
**Секретарь районного маслихата — Т.Х. Оспанов**

*выаиыаивыаваиваиваиваиваиваиваиваиваиваиваиыва и*

## Ұлт бірлігі – ұлы байлық

**Ынтымағы тұрмысына ырыс берген, татулығы бірлігіне тыныс берген біртұтас елдің ортақ мерекесі Нұра жерінде бар сән салтанатымен мерекеленді.**

«Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған мыңнан астам аудан орталығының тұрғыны тіліне, дініне ұлтына қарамастан бір біріне құрмет көрсетіп, шеруге шығып, мерекенің маңыздылығын айшықтай түсті. Сәкен Сейфуллин алаңынан бастау алған шеру «Тәуелсіздік» саябағында салтанат құрды. Мерекелік шеруде еліміздің жаһандану жолында Елбасының сындарлы саясатынның жемісі: «Мәңгілік Ел», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Бір шаңырақ астында – Ұлттар достастығы», «Астана 20», КР Президенттің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы, «Нұра ауданына 90 жыл», «Бұқар Жыраудың 350 жылдығы» ұрандарын айдарлаған мағыналы шеруге қатысушылыр өз тақырыптарына сай өнер көрсетіп, мереке ажарын аша түсті.

- Нұрлы нұра жеріндегі қырыққа жуық ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара



шаңырақта тату-тәтті береке мен бірлікте болып тілін, салт дәстүрін және мәдениетін асқақтатқаны жүрегімізге жыр жанарымызға нұр сыйлайды. Көп ұлтты ауданымыздың барлық ұлты мен ұлысы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ел экономикасын дамытуда, әлеуетін арттыруда аянбай еңбек етіп жүр. Табыстың тайқазанын қайнатып жүрген еңбек ерлерінің ішінде басқа ұлт өкілдерінің еңбегі шексіз,- деп атап өтті салтанатты шарада Нұра ауданының әкімі Ниқанбай Омарханов нұралықтарды мерекемен құттықтап.

Мерекеде Тассуат және Заречное ауылдарының орыс және украин ұлтының орталықтары ұлттық тағамдарын паш еткен мерекелік дастарханды арнайы құрылған киіз үйлерде жайды. Мерекеге сай орталық кітапхана кітаптар көрмесін ұйымдастырды. Сонымен қатар ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің ұсынысы мен Нұра ауданы әкімінің қолдауымен «Ашық мемлекет» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер және бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдар жәрмеңкесі өтті. Мұндағы мақсат Елбасы тапсырмасына сай мемлекеттік қызметті цифландыру жолдарын халыққа насихат ету.

«Татулық – достықтың киелі бесігі» атауымен ұйымдастырылған мерекелік бағдарлама, ауданда мекендейтін қырыққа жуық ұлт өкілдерінің ұлттық құндылықтары мен салт – дәстүрін дәріптеді. Қазақстанды Отаным деп санайтын барша түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетіне, тіліне деген үлкен құрметті тағы бір мәрте дәлелдеді.

Мерекелік шара соңы спорттық ойындарға ұласып, мерекеде бәсі мықтылар жеңіс тұғырынан көрінді.

**Тазагүл Пішенбаева**

# Рухани келісімді нығайту жолдары талқыланды

Діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттарын жасақтау мен іске асыру және діни бірлестіктермен бірлесе іс-әрекет ету мәселелері бойынша ұсыныстарды, қоғамдағы рухани келісімді нығайту және конфессияаралық қатынастарды үйлестіру мақсатында мамырдың 3 күні Нұра ауданы әкімдігі жанындағы діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңесінің кезекті отырысы өткізілді.

Діни бірлестіктердің, ішкі істер және ішкі саясат бөлімінің, жастар ресурстық орталығының өкілдері қатысқан кеңес отырысында аудан аумағында діни ахуал және діни бірлестіктермен бірлесе іс-әрекет ету, зайырлылық принциптерін нығайту бойынша ішкі саясат бөлімінің басшысы З.А. Даутова баяндаса, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жұмыстары бойынша ішкі істер бөлімінің инспекторы Д.Т.Панарина сөз қозғады. Ал аудандық орталық мешітінің бас имамы Құмар Қоныскерей тұрғындардың дұрыс діни санасын қалыптастыру мақсатында діни экстремизмнің алдын алу жұмыстары бойынша және Рамазан айын өткізу бойынша бірқатар мәселелерді ортаға салды.

Жалпы қазіргі уақытта аудан аумағында заңды түрде тіркелген екі дәстүрлі әлемдік дін өкілдері бар. Олар: ислам – 13 мешіт және православиелік христиандар шіркеуі бар. Діни ахуалды жан-жақты және обьективті зерделеу, жинақтау мен талдау, діни бірлестіктер арасындағы өзара түсіністік пен төзімділікті нығайту және оларға консультативтік көмек көрсету – кеңестің басты мақсаты. Мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық және діни бірлестіктердің бірлескен жұмысы арқасында ауданымызда қоғамдық-саяси, діни ахуал тұрақты деп бағалауға болады. Алдағы уақытта діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңес жұмысы қоғамда ұлтаралық келісімді нығайтуға, діни-құқықтық сауаттылықты арттыруға, қоғамдық тұрақтылықты сақтауға бағытталады.

**Олжас Бексұлтанов**

## Құрметті жерлестер!

Қымбатты Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері, соғыста қаза болған жауынгерлердің жерлестері, соғыстан кейін бейбіт өмірде қайтыс болған соғыс ардагерлерінің әйелдері және олардың отбасыларын Ұлы Жеңіс күнімен құттықтаймыз!

Сіздер жастық шақтарыңыз бен денсаулықтарыңызды аямай, Отан үшін жандарыңызды пида еттіңіздер. Соғыстан кейінгі күйреген қалалар мен ауылдарды қайта көтеріп, тың жерлерді игердіңіздер, құрылыстарды жандандырдыңыздар. Кейінгі ұрпақ сіздерге мәңгілік қарыздар. Себебі оларға бейбіт өмір, бақыт сыйладыңыздар! Әрқашан жандарыңызда сіздерді қадірлеп, құрметтейтін балаларыңыз бен немерелеріңіз, жақын жандарыңыз көп болсын!

**«Ардагерлер ұйымы» Республикалық Қоғамдық бірлестігінің Нұра аудандық филиалы**

## Уважаемые нуринцы!

Дорогие ветераны Великой Отечественной войны, труженики тыла, жены – вдовы погибших воинов! Поздравляем Вас всех с Днем Великой Победы!

Вы свою молодость и здоровье отдали нашей Родине. Поднимали страну из руин, осваивали целину, отстраивали после войны наши города и села.

Вы по праву заслужили великую благодарность младших поколений, детей и внуков, которым подарили жизнь, мир и благополучие!

Примите искренние пожелания доброго здоровья, плодотворных лет жизни в нашей прекрасной стране – Республике Казахстан! Душевного спокойствия, активного долголетия!

**РОО «Совет ветеранов»**
**Нуринский районный филиал**

## С О О Б Щ Е Н И Е
## районной избирательной комиссии об итогах выборов сельских округов, поселков и сел Республики Казахстан, не входящих в состав сельского округа 4 мая 2018года

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и на основании протокола районной территориальной избирательной комиссии о результатах выборов акимов сел и поселков, районная территориальная избирательная комиссия установила:

На день выборов, 4 мая 2018 года, в списки избирателей включено 13 депутатов районного маслихата, из них приняли участие в голосовании 13, или 100%.

**Информация**
**о результатах выборов акимов сел и поселков по Нуринскому району**

| Наименование округа | Общее число выборщиков | Число выборщиков, получивших избирательные бюллетени | Ф.И.О. каждого кандидата | Число голосов, поданных за кандидатов | % | Число бюллетеней, признанных недействительными | Ф.И.О. избраного акима, партийная принадлежность |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| с.Куланотпес | 13 | 13 | | | | 0 | |
| | | | Алькенов А.А. | 13 | 100 | | Алькенов А.А. "НурОтан" |
| | | | Балташева Д.Т. | 0 | 0 | | |
| | | | Имангалиева С.Е. | 0 | 0 | | |
| с.Шахтерское | 13 | 13 | | | | 0 | |
| | | | Даутов О.М. | 0 | 0 | | Смагулова Г.О. "НурОтан" |
| | | | Касымов А.Ж. | 0 | 0 | | |
| | | | Смагулова Г.О. | 13 | 100 | | |
| п.Шубарколь | 13 | 13 | | | | 0 | |
| | | | Аманжолов М.С. | 0 | 0 | | Буркитбаев Е.О. "НурОтан" |
| | | | Ахметова А.С. | 0 | 0 | | |
| | | | Буркитбаев Е.О. | 13 | 100 | | |

**Председатель С.Сагимбеков**
**Секретарь А.Баймагамбетова**







## НҰРА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ XXIII сессиясының ШЕШІМІ

**Нұра кенті № 242 2018 ж**

**ЖОБА**

**Нұра ауданының аумағында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 704 бабының 3-тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра ауданының аумағында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Күші жойылды деп танылсын:

Нұра аудандық мәслихатының 38 сессиясының 2015 жылғы 17 қыркуйектегі № 400 «Нұра ауданының аумағында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3437 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 20 қазанда, 2015 жылғы 17 қазандағы №42 (5429) «Нұра» газетінде жарияланған);

Нұра аудандық мәслихатының 42 сессиясының 2016 жылғы 18 қаңтардағы №442 «Нұра аудандық мәслихатының 2015 жылғы 17 қыркүйектегі 38 сессиясының №400 «Нұра ауданының аумағында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3658 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 22 ақпанда, 2016 жылғы 20 ақпанда №7 (5445) «Нұра» газетінде жарияланған).

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін колданылады.

**Сессия төрағасы Т. Жақантай**
**Аудандық мәслихаттың хатшысы Т. Оспанов**

## НУРИНСКИЙ РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ РЕШЕНИЕ XXIII сессии

**поселок Нура № 242 2018 г**

**ПРОЕКТ**

**О повышении ставок единого земельного налога на неиспользуемые земли сельскохозяйственного назначения на территории Нуринского района**

В соответствии со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», пунктом 3 статьи 704 Кодекса Республики Казахстан от 25 декабря 2017 года «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)», районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Повысить ставки единого земельного налога в десять раз на неиспользуемые земли сельскохозяйственного назначения на территории Нуринского района.

2. Признать утратившими силу:

решение 38 сессии Нуринского районного маслихата от 17 сентября 2015 года №400 «О повышении базовых ставок земельного налога и ставок единого земельного налога на неиспользуемые земли сельскохозяйственного назначения на территории Нуринского района» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №3437, опубликовано в информационно-правовой системе «Әділет» 20 октября 2015 года, в газете «Нұра» от 17 октября 2015 года №42 (5429));

решение 42 сессии Нуринского районного маслихата от 18 января 2016 года № 442 «О внесении изменения в решение 38 сессии Нуринского районного маслихата от 17 сентября 2015 года №400 «О повышении базовых ставок земельного налога и ставок единого земельного налога на неиспользуемые земли сельскохозяйственного назначения на территории Нуринского района» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №3658, опубликовано в информационно-правовой системе «Әділет» 22 февраля 2016 года, в газете «Нұра» от 20 февраля 2016 года №7 (5445)).

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования и действует до 1 января 2020 года.

**Председатель сессии Т. Жақантай**
**Секретарь районного маслихата Т. Оспанов**

# Ұлт бірлігі- ұлы байлық

Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезім, азаматтық борыш пен жалпыұлттық келісім мерекесі Пржевал ауылында да тойланды. 16-ға жуық ұлт өкілдері тұратын ауылымызда барлық адамдар ұлтына, нәсіліне қарамай, бір-бірімен туысқандай болып кеткен. Пржевал ауылының Мәдениет үйінде мәдениет қызметкерлері, ұстаздар мен оқушылардың қатысуымен концерт ұйымдастырылды. Сонымен қоса, Мәдениет үйінің ауыл кітапханасымен «Ұлт бірлігі - ұлы байлық», «Мәңгілік ел», «Астанаға 20 жыл», «Нұра ауданына 90 жыл», «Бұқар жырауға 350 жыл», «Рухани жаңғыру» атты жастар форумы өткізілді. «Ұлт бірлігі - ұлы байлық» атты ән шашуымен Шахтер ауылының мәдени ұйымдастырушысы Ақан бір топ әншілер мен биші қыздарды ертіп, ауылымызға бір керемет көңіл күй сыйлады. Жастарға көмек қолын созып, мәдени іс-шараның өтуіне қолдау жасаған ауыл әкімі Абаев Ерболат Ерденұлына алғысымызды білдіреміз.

Бірлігіміз бекем болғай, ағайын!

**Г.И. Бекеева**
**Пржевал ауылының кітапханашысы**

# Ағайынбыз бәріміз!

Жер-ананы түрлендіріп келген мамыр шуағы Баршын ауылына да мейір-шапағатын аямай төкті. 1 мамыр - бұл қуаныш пен шаттыққа толы мерекеде жүздері жарқын, еңсесі қызылды-жасылды шарлармен салтанат құрып, әндерін аспанға еркін қалықтатып, ынтымақ пен достықтың шеруіне шат көңілмен шықты. Бұл мереке өте әсерлі өтті.




көтеріңкі ауыл тұрғындары мектеп алаңына жиналды. Баршын ЖОББ мектебінің мұғалімі Салтанат Ержанқызының ұйымдастыруымен «Ағайынбыз бәріміз!» атты мерекелік шара өтті. Мектеп оқушылары әр ұлттың киімдерін киіп, салт-дәстүрінен сыр шертетін әндері мен билерін орындап, ұлттық тағамдарын таныстырып, мерекелік кештің шырайын кіргізді. Кеш әртүрлі ұлттың басын қосып, жарасым тауып жатты. Бұл көріністер оқушылардың бір-біріне деген шынайы құрметін, достығын арттыра түсті. Оқушылар қолдарына Кеш әрі қарай бастауыш сынып оқушыларының дайындаған жәрмеңкесімен жалғасын тапты. Дана халқымызда: «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» деген аталы сөз бар. Еліміздің ырысы мен ынтымағы, бірлігі жарасқан. Сондықтан да бірлігіміз бекем болып, елдің ертеңі, ұрпақтың болашағы үшін атқаратын игі істеріміз көп болғай!

**А.Қ. Сарина**
**Баршын ауылдық кітапханашысы**

# Достық әнін жырлайық!

Еліміздің сан алуан ұлтты бауырына басып, бейбітшілік пен татулықты әлемге үлгі етіп, достық пен ынтымақты ту еткендігі баршаға мәлім. Бірнеше халық өкілдері бір ананың баласындай тату-тәтті өмір сүріп келеді. «Бірлік болсын әлемде», Мұсабекова Фариза «Бұл ән - бұрынғы әннен өзгерек» атты әндерін тамаша орындап шықты. Татар, өзбек, үнді, қазақ ұлттарының билері биленіп, тамаша көріністер сахналанды. 7-9 сынып



Балықтыкөл негізгі орта мектебінде 1 мамыр – Қазақстан халықтарының Бірлігі күніне орай «Достық әнін жырлайық!» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мектебіміздің білім алушылары әр ұлтты сомдап, өнерлерін барынша ортаға салды. Ауыл әкімі Жеңіс Орманұлы мен мектеп директоры Қайрат Есжанұлы ізгі ниеттерін құттықтау сөздері арқылы білдірді. Іле 3-4 сыныптар өздерінің тақпақтарын мәнерлеп жатқа оқып, әндерін шырқады. Өнерлі өрен Тусупов Нұррахман оқушыларының әуезді әндері тыңдарман қауымның көңілінен шықты. Сабыржанова Жанеркенің «Абай мен Шәкәрімге» арнаған туындысы ел қошеметіне бөленді. Мазмұнды кештің куәгерлері мың бұралған би, күмбірлеген күй, әсем әнге бөленіп, алғыстарын жаудырды.

**Т.О.Аманжолова**
**Балықтыкөл негізгі орта мектебі**

# Талдысайдағы бірлік пен береке мерекесі

«Береке бастауы - бірлік, ел іші тату-тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерекше. Жыл сайын атаулы мерекеде Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды. Талдысай ауылының Мәдениет үйінде де Ө.Тұрлыбеков атындағы бастауыш мектебінің оқушыларымен бұл мейрам ерекше тойланып өтті.

Мереке шымылдығын орыс халқының өкілдері ашты. Одан кейін сахнаға өзбек, үнді, грузин, сыған және соңында қазақ ұлты өкілдері шығып, осы ұлттар туралы мағлұматтар беріп, салт-дәстүрлерінен хабардар етіп, ән айтып, би билеп, өнерлерін паш етті. Жалпыхалықтық мейрам қазақ, башқұрт, татар, чуваш ұлты өкілдерінің өз ұлттық тағамдарын насихаттау жәрмеңкесімен жалғасты. Концерттік бағдарлама барлық ұлт өкілдерімен бірігіп «Қара жорға» биін билеумен, «Достық» әнін шырқаумен аяқталды.

Бірлігіміз жарасып, еліміз тыныш болып, татулықта, бейбіт өмірде күн кешейік!

**Әлия Өміржанқызы**
**Бастауыш мектеп мұғалімі**

*Бірлік күніне орай*

# Бір шаңырақ астында

Жеріміз қандай кең болса, халқымыздың жүрегі де, көңілі де сондай кең. Осындай қасиет ата-бабалардан ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде беріліп келеді. Қиын-қыстау кезеңдерде біздің жерімізге қаншама өзге ұлт өкілдері келіп қоныстанды. Оларды қазақ халқы құшақ жайып, бір жапырақ нанымен бөлісіп, бауырына ала отырып, салтанатты түрде өткізілді. Мерекелік іс-шара барысында оқушылар әр ұлттың әні мен биін көрермендерге жоғары деңгейде тарту етіп, халықтар достығын көрсете білді.

«Бірлік бар жерде, тірлік бар» деп бекер айтылмаса керек. «Ел бірлігі - ең асыл қасиет. Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық, ең алдымен өзімізге керек», - деп көрегенділікпен Елбасымыз айтқандай, біз сияқты көп ұлтты




тартты. Бұл - халқымыздың кеңпейілділігі.
Бір шаңырақ астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі жыл сайын артып, Қазақстан халықтарының Бірлігі күні тойлануда. Биылғы мереке Елордамыздың 20, Нұра ауданының 90 жылдық мерейтойларымен тұспа-тұс келгендіктен, татулық пен достық, ырыс пен ынтымақтың ордасына айналған Қазақстанымыздың Бірлігі күніне арналған іс-шара Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге мемлекеттің даму болашағының бір көзі - Қазақстан халықтарының бірлігі. Сондықтан елімізде түрлі ұлт өкілдері тіліне, дәстүріне, дініне қарамастан, бір шаңырақтың астында ынтымақта, бірлікте болашақтың негізін қалауда.

**М.С. Рахимбаева, А.С. Абилкадирова**
**Д.Шалабекұлы атындағы негізгі орта мектебі**

# Ынтымақ, бірлік, келісім - ең басты байлық ел үшін

Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. Қазақстан халқы 1 мамыр - Бірлік күнін мерекелейді. Бірлік пен татулықты ту еткен еліміз үшін бұл мейрамының орны ерек. Жыл сайын атаулы мерекеде Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта түрлі шаралар ұйымдастырады, жаппай патриоттық шерулер өтеді.

Кертінді үлгілі ауылдық кітапханасында көпұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайту, отансүйгіштікке тәрбиелеу, бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерді кеңейту мақсатында «Ынтымақ, Бірлік, Келісім - ең басты байлық ел үшін!» атты әдеби-сазды бағдарлама өткізілді. Бұл іс-шараға өзге ұлт өкілдерінен Миненко Анна Дмитриевна, ауыл әкімі Ғалым Төлеубайұлы, ауыл тұрғындары, ұстаздар, мектеп оқушылары шақырылды. Жүргізушілер Бағдат Көшмағанбетқызы мен 10 сынып оқушысы Ақберген Арайлым екеуі келген қонақтарды мерекемен құттықтап, шара тізгінін ұстады. Алғашқы құттықтау сөзін ауыл әкімі Хасенов Ғалым Төлеубайұлы алып, отырған қауымды аталмыш мейраммен құттықтап, ақжарма тілегін білдірді. Кеш барысында құрметті қонағымыз Анна Дмитриевна осы іс-шараны ұйымдастырушыларға Бағдат Көшмағанбетқызы мен мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Ғалия Жанбекқызына рақметін айтып, қазақ халқына деген алғысын білдіріп, ашық аспан, бейбіт өмір тіледі.

Бағдат Көшмағанбетқызы осы кешке арналған «Қазақстан - бірлік пен достықтың мекені» атты кітап көрмесімен таныстырып, шолу жасады. Кеш барысында әр ұлт өкілдерінің әні айтылып, билері биленді.

**Ахтямова Бағдат**
**Кертінді ауылы**

АСТАНА
АСТАНА – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛОРДАСЫ!

# Бірлікті ту еткен елміз



«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп атам қазақ бірліксіз өткен елдің берекесі болмайтынын ертеден білген. Талай зобалаң мен тауқыметі қиын тар заманда да бірлікті ту етіп, елдің басын бір арнаға қосып, тарыдай шашылған халықты бір тудың астына жинаған, өзге халықты сыртқа теппей, басынан сипап,бауырына басқан. Сол тектілік ата қанымен берілген ұрпақ әлі де көк тудың астында ұлттар бірлігін ұстап, татулықпен өмір сүріп келеді. Жылдағы дәстүр бойынша 1 мамыр – Қазақстан халқының Бірлігі күніне барлығымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып дайындалдық. Мектеп оқушылары әрбір ұлтқа бөлініп, әр ұлт ерекшеліктерін сахналады. Бұл әрбір ұлттың мәдениетін, тарихын аз да болса білуге көмегін береді. Сондай-ақ, бұл мереке ауылымызда аталып өтті. Әрбір мекеме орындары әр ұлт ерекшеліктерін көрсетіп, ән айтып, би билеп, Бірлік күнінің маңызын ашып, ажарын келтіріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Мәселен, мектеп ұжымы қазақ халқының ерекшелігін сахналаса, дәрігерлік амбулатория ұжымы өзбек халқын, әкімшілік ұжымы орыс, мәдениет ұжымы неміс ұлтының ерекшеліктерін көрсетіп, халықты риза етті. Қазақта «Бөлінгенді бөрі жейді» деген сөз бар. Мына заманда құлақ естіп, көз көріп жатқан қилы сұмдықты теледидардан көріп, естіп жатырмыз. Соған қарап, бейбітшілік пен татулықта өтіп жатқан күнімізге шүкіршілік етейік. Ендеше Тәуелсіздігіміз ұзағынан болып, күн шуағын шашар шұғылалы көк аспанымыздың нұры сөнбесін, қазақ елінің аспанын бұлт торламасын. Бейбіт заманда берекеміз кетпесін, өз еліміз үшін аз да болса үлесімізді қосайық. Бірліктің туын тік ұстап, бірігіп өмір сүрейік!

**Тоқан Сәбира**
**А.Асылбеков атындағы ЖОББ мектебі**

*К 90- летию района- 90 добрых дел*

# Благоустройство поселка в новом формате

4 мая прошла встреча акима Нуринского района Н.Омарханова с предпринимателями п.Нура. «На эту встречу меня побудило несколько мотивов, которые касаются не только акимов, работников бюджетной сферы, но и предпринимателей районного центра»,- отметил Н.Омарханов, открывая данное мероприятие. Основной вопрос встречи с представителями малого и среднего бизнеса, которая проходит в таком формате первый раз, - благоустройство поселка.

Руководитель отдела ЖКХ, транспорта и автомобильных дорог О.Аубакиров ознакомил предпринимателей с законодательной базой, требованиями по санитарной очистке, обязанностями граждан по содержанию принадлежащего имущества, ответственностью за сохранение чистоты в населенных пунктах.

О проведенных мероприятиях по благоустройству и санитарной очистке районного центра доложил аким поселка Нура Б.Кудайбергенов. Для улучшения облика населенных пунктов Нуринского района постановлением акимата с 9 апреля по 1 июня объявлен весенний 2-хмесячник по благоустройству и санитарной очистке. 12,19,21,26,28 апреля на территории поселка прошли субботники, где были убраны центральные улицы, территории вдоль выездных дорог из поселка по четырем направлениям, а также полигон ТБО. 28 апреля на субботнике была произведена побелка деревьев по улицам Мынбаева, Абая. Побелочные работы будут продолжаться до осени 2018 года. Всего за апрель-месяц в период проведения субботников участвовало более 50-и организаций, в них 470 человек, привлечено 7 единиц техники, вывезено мусора в количестве 180 кубов. Кроме того, в рамках весеннего двухмесячника объявлен конкурс по номинациям «чистая улица» и «чистый двор», результаты которого будут опубликованы в газете «Нұра», а победители будут премированы ценными призами. К сожалению, все эти субботники делаются силами госслужащих и бюджетных организаций, не один предприниматель не соизволил выйти и поработать даже на областном субботнике.

2 мая, согласно поручению акима района, был проведен обход по изучению санитарного состояния поселка Нура. Итоги обхода показали состояние территорий некоторых объектов предпринимательства.

Отмечая недостаточность принимаемых мер со стороны полиции, аким района дал поручение начальнику местной полицейской службы по принятию более жестких мер, вплоть до наложения штрафа, всем, кто не соблюдает правила благоустройства. Руководителю аппарата акима направить письма в областные управления по тем отделам, которые игнорируют проведение республиканского субботника. Обход районного центра показывает, что состояние многих объектов предпринимательства не в полной мере отвечает санитарным требованиям. Малый бизнес, который занимает все более достойное место в экономике района, и предприниматели районного центра не должны оставаться в стороне от таких социально значимых дел. Необходимо привести в порядок прилегающую территорию к торговым центрам, установить освещение. Перед крупными объектами нет нормальной стоянки для машин, посадка деревьев могла бы дать более привлекательный вид торговым центрам. Предпринимателям не стоит забывать о своих обязанностях как жителей поселка, о социальной ответственности бизнеса. Ведь речь идет только о благоустройстве торговых точек, а не об оказании помощи другим организациям. Со стороны исполнительных органов создаются все условия для развития предпринимательства. Нет ни одной комиссии, где не принимают участие предприниматели, вплоть до распределения грантов, кредитов, земель.

Этот год знаменателен 20-летием Астаны и 90-летием района. Жителями района поддержана инициатива «К 90-летию района - 90 добрых дел». На сегодня количество добрых дел перевалило, как мы и ожидали, за 100. И мы ожидаем еще больше. Руководители крупных хозяйств вкладывают миллионные средства на улучшение социальной инфраструктуры сел к 90- летию района. Благодаря этому, село становится привлекательным для молодежи. Мы должны провести юбилей Нуринского района на высоком, достойном уровне. Это наш общий долг! И со стороны предпринимателей района мы ждем более конкретного подхода к этому мероприятию.

**С.Сатыбалдин**





**Территория ИП “Сартаев”**



**Тыльная сторона торговых точек по улице Тәуелсіздік**




**Тыльная сторона кафе “Береке”**




**Прилегающая территория супермаркета “Динара”**



**Прилегающая территория фасадной части ТД “Азия-центр”**


Территория ИП “Лужбин”


Здание ТОО “Дарад”


Склады по улице Торговая


Склады по улице Торговая


Несанкционированная свалка по улице Пушкина


Тыльная сторона токового хозяйства ТОО “Шахтерское”


Спортплощадки по ул.Акпасова


Аллея знаний


Детская площадка по ул.Кунаева


Освещение по ул.Акпасова

*Рухани қазына*

# XIX республикалық Абай оқулары

2018 жылдың сәуір айының 27 жұлдызында Нұра ауданының Киевка № 2 қазақ жалпы орта білім беретін мектебінде, қазақ тілінің көркемдік ерекшелігін, бай сөз қорын насихаттау, Абай мен тілінде орфоэпиялық нормаларын сөйлеуіне, ән орындау шеберлігіне, сахналық өнер көрсету мәдениетіне баса назар аударды. Әділқазылар алқасының шешімі бойынша осы сындардан абырой-



Шәкәрімнің шығармашылығын насихаттау арқылы қазақтың тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне деген этнос өкілдерінің ықыласын арттыру әрі оқушылардың рухани бірлігін нығайту мақсатында ауданымыздың 5-11 сынып оқушыларының арасында терең мазмұнды өлең-жырларымен әйгілі болған Ұлы Абайдың құрметіне, XIX республикалық Абай оқулары байқауының аудандық кезеңі өткізілді.

Байқау «Өлең -сөздің патшасы сөз сарасы», «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда», «Көңілім әнді ұғады», «Ұлылар әлемі» атты 4 номинация бойынша ережеге сәйкес жүргізілді. Барлығы 17 мектептен оқыту тіліне қарамастан 5-11 сыныптар арасынан 81 оқушы қатысты.

Әділқазылар алқасы үміткерлердің көркем мәтінді талғау және оқу шеберлігіне, қазақ мен өткен ұл, қыздарымыз Мағауия Дамира Д.Шалабеков атындағы НОМ-нің 5 сынып оқушысы, Жасұзақ Ерсұлтан А. Асылбеков атындағы ЖОББМ –нің 6 сынып оқушысы, Шынбергенова Жансая Киевка №2 ЖОББМ-нің 8 сынып оқушысы облыстық байқауға жолдама алды.

Байқауға қатысушы оқушылар мадақтамамен, сыйлықпен және сертификаттармен марапатталды және бірінші орындар алған оқушылардың жетекшілері де балаларды жоғары деңгейде дайындағаны үшін аудандық мұғалімдер кәсіподақ комитетінің мадақтамасымен марапатталды. Оларға алдағы уақытта шығармашылық табыс, сәттілік тілейміз.

**С.Е.Блялова**
**Білім беру бөлімінің әдіскері**

# Жаңартылған оқу бағдарламасына-алғашқы қадамдар!

ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ 4.0

Биылғы оқу жылындағы жаңартылған оқу бағдарламасы ұстаздарға артылған үлкен міндет болды. Осы үлкен міндетке ұстаздар үлкен жауапкершілікпен қарап,оны тиянақтап, белсенді түрде оқушыларға жеткізуде. Жаңа мазмұнды біліммен әр сабағымыз қызықты өтіп,білімге деген тілде жеткізуімізге үйретуде. Жаңа оқу бағдарламасы біздің мектеп оқушыларына өте ұнады. Оқушылар ішінен атап айтар болсақ: Құдабай Әділ, Дауылов Ерқанат, Қайырова Кәусар, Әбікен Рауан. Олардың жаңа оқу бағдарламасына тез үйреніп, оны тез меңгеріп алғандарына ұстаздары да, ата-



қызығушылығымыз артуда. Әсіресе біздің топқа бөлініп, топтық жұмыс жасағанымыз ұнайды. Топтық жұмыс оқушылар арасында ынтымақтастықты, ұйымшылдықты талап етеді. Мультимедиа құрылғысымен де жұмыс жасау сабаққа деген қызығушылығымызды арттырады. Әр бөлімнің соңында жиынтық бағалау тапсырып, бөлім бойынша өткен тақырыптарды қорытындылаймыз. Ал, қалыптастырушы бағалаудың біздің күнделікті сабақты түсініп, ұғып, білімімізді одан әрі дамытуымызға ықпалы зор.

1-тоқсанда сөздің шыны керек, бұл бағалауларда қиындықтар туындады. Ұстаздар бұған түсіністікпен қарады. Ал енді 2-тоқсанға аяқ басқаннан кейін жаңа оқу бағдарламасын біршама меңгеріп алдық. Бұл жаңартылған оқу бағдарламасы-мұғалімнің жауапкершілігін, оқушының еңбексүйгіштігін, белсенділігін талап етеді. Мұның барлығы әрбір пәнді ғылыми тұрғыда түсінуімізге жол ашады. Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі мен орыс әдебиеті сабақтары жаңа оқу бағдарламасына сәйкес, әдеби тілде сөйлеуімізге, өз ойымызды нақты жеткізуімізге бірден-бір себепші десем артық болмас. Бағалауларда келетін көлемді эссе жазу, мәтінді түсініп оқып, өз ойынды мақал-мәтел арқылы жеткізу осыған дәлел бола алады. Ал, физика, химия, математика сабақтарында мұғалімдер әр есепті, формуланы ғылыми аналары да қуанышты. Балаларының осындай білім алып, оқуда озат болуы ата-ана үшін үлкен мақтаныш. Осындай астарлы да қиын талапты оқушыларға жеткізіп жатқан ұстаздарды да атап айту керек. Олар:Қарлығаш Алпысбайқызы, Айткүл Мұқатқызы, Айжан Өтегенқызы, Айгүл Құдайбердіқызы, Қанжарбек Қуанышұлы,Самал Қайратқызы сынды ұстаздар. Мен өзім осы ұстаздарды үлгі тұтамын. Жүздерінен нұр төгілген ұстаздар. Сондай білімділігімен, ашық мінездерімен бүгінде әр оқушының сүйікті ұстаздарына айналған мұғалімдер. Алғашында бұл жаңаша талаптан қобалжып, сасқалақтаған оқушылар да болды. Бірақ, уақыт өте келе оқуға деген ынталары артқаны біздің мұғалімдерге мәлім. Бұл жаңа оқу бағдарламасын түсіну болашақта өзімізге керек болатынын ұстаздарымыз күн сайын айтып отырады. Және бұл жаңа оқу бізге жаңа жетістіктерге жол ашатының да атап айту керек. Алға қойған мақсаттарымызға жету жолында осындай білім алу өскелең ұрпақ үшін өте маңызды. Қазіргі таңда әр сабақ деңгейін жоғарғы деңгейге жеткізу үшін аянбай, шаршамай, білім алу-біздің ең басты мақсатымыз! Мұндай білім алған баладан болашақта жаман адам шықпас деп сенеміз!

**Нұржанқызы Қаракөз**
**Құланөтпес НОМ**
**7- сынып оқушысы**

# Этническое многообразие – наше преимущество

Единство народа всегда было высшим достоянием любой страны на всем протяжении истории человечества. Именно поэтому в Казахстане Праздник единства народа, который отмечается 1 мая, приобретает все большую значимость, служит укреплению стабильности, мира и согласия.

И в сельской библиотеке с.Заречное, с дах, в нелегком совместном труде, в буднях и праздниках складывалась общность народа Казахстана.

Во время диалога между участниками мероприятия говорилось, что каждый народ имеет свою многовековую историю, культуру, свой язык. И в нашей стране созданы все условия для сохранения и дальнейшего развития национальной самобытности для всех без исключения.




целью сближения жителей разных национальностей и вероисповеданий, воспитания казахстанского патриотизма, формирования уважительного отношения к историко-культурным традициям всех народов, библиотекарем Сулейменовой Ж.Ж. был проведен круглый стол под названием «Многообразие национальностей – наше преимущество».

На мероприятие были приглашены аким села Нукушев У.Б., члены Совета общественного согласия, действующего при аппарате акима села, председатель Совета матерей Ахметова Г.М., председатель Совета ветеранов Самайлюк Т.Ф., а также детский коллектив украинского этнокультурного центра под руководством Смагуловой З.Т. Из рассказа библиотекаря гости узнали об истории праздника Дня единства, создании Ассамблеи народа Казахстана, о роли Совета общественного согласия.

Аким села Нукушев У.Б. в своем выступлении отметил щедрость и гостеприимство казахского народа, всегда широко распахивавшего душу всем, кого волею судьбы забрасывало в эти суровые края, рассказывал о том, что в жизненных невзго-

Далее библиотекарь предложила по описанию традиций, обычаев угадать, о какой национальности идет речь.

А в следующем задании нужно было собрать по частям пословицы о дружбе. Задания вызвали большой интерес и были выполнены с энтузиазмом.

Подводя итог, участники мероприятия пришли к общему мнению, что многообразие национальностей является нашим преимуществом. Все мы, дополняя друг друга, являемся единым народом Казахстана.

В заключении, при обзоре книжной выставки, состоящей из литературы об истории, культуре, традициях народа Казахстана, библиотекарь обратила внимание участников мероприятия на красочно иллюстрированный фотоальбом под названием «Қазақстан – қарашаңырағым», содержащий краткое описание всех народностей и наций, проживающих на территории нашей страны.

**Ж. Сулейменова**
**библиотекарь с.Заречное**

*Мектеп тынысы*

# Жас инспекторлар - біздің болашағымыз

Біздің болашағымыз жас ұрпақтар әрине, саналы ,тәрбиелі, тәртіпті, Отан үшін отқа түсіп, кеудесін елге қалқан ететін болса Осы сайысқа қатысқан Тұяқбай Әлішер, Ахантаева Айзара, Ерден Айхана, Амангелді Ерхан, Алпысова Аружан, Құсаинова Дил-



қоғам сол ұрпақтар үшін мақтанатын, марқайатын боламыз. Ендеше сол ұрпақты тәбиелеп жатқан мектеп білім ордасы екенін, ұстаз жол көрсетер ,тәрбиелер ұлы тұлға екенін қоғам ұмытпауымыз керек. Мінекей біз мақтанардай тағыда үлгілі өрендеріміз ортадан оза шауып, жүлделі орындармен барлығымызды қуантып жатқан жәйі бар.

Ия,аудандық «ҚЖИ ға -45 жыл» болуына орай «Біз мерекені игі істермен құрметтейміз» тақырыбымен өткізілген жас инспекторлар арасындағы байқауда 14 мектептен үздік камандалар болып, байқау барысында эрудиттік турнир, саптық , камандалық есепте, ән және сап т.б. бөлімдерден тұрған слетте біздің каманда топ жарып, барлығынан кедергісіз өтіп, Абдолла Асылбеков атындағы ЖОББ мектебі жүлделі 1-орынмен марапатталды .Сонмен қатар 2018-жылдың маусым айларында « Жол қозғалысы жас инспекторлары жасақтарының республикалық 18 слетіне жолдама алды.

наз,Макарова Валерия, Имангалиев Расул, Болатбек Айқын, Темірбай Әділет сынды оқушыларымыз қатысып мектебіміздің абройын асқақтатты, ендеше «Шәкіртсіз ұстаз тұл» демекші осы оқушыларды жоғары деңгейде дайындаған, жыл сайынғы өткізілетін жарыстарда жүлделі орынның алдын бермейтін, сондай-ақ мектебіміздің үлгілі ,тәжірибелі ұстазы Ахантаев Б.Қ. 2015-2016 жылдың үздік мұғалімі атағын жеңіп алумен қатар көп жылдық еңбегімен еленіп, құрмет грамотасымен марапатталған азамат. Әрине еңбегіңіз жана берсін, топ жарар шәкірттеріңіз көп болсын. Алдағы өткізілетін слетте жүлделі орынмен оралуларыңызға тілектеспіз.

**Тоқан Сәбира.**
**Абдолла Асылбеков атындағы**
**ЖОББ мектебі**
**Мектеп кітапханашысы**

*Ұлы Жеңіс күніне орай*

# Ерлік ескірмейді

Оқырманға ұсынып отырған бұл мақаламды былай атауым - ата-бабаларымыздың бейбіт өмір үшін, азаттық үшін бел шешпей өмір кешкен сонау қырқыншы жылдары Отан үшін, Жеңіс үшін деп отқа оранып, қан кешкен өмір жолдары, олардың ерліктері ұрпақтан-ұрпаққа үлгі болып, мәңгілікке жасай бермек. Оның бір айғағы қазіргі бақытты өмір кешіп жатқан өскелең ұрпақ бабалардың, аталардың елі үшін, туған жерлері үшін істеген елеулі еңбектерін дәріптеп, кинотеатрлар, баспасөз беттері, том-том болып жазылып жатқан кітаптар арқылы және де басқа салалармен жеткіншек ұрпақтарға жеткізуде. Әрине, бабалар өмірін дәріптеу, олардың игілікті істерін жалғастыру, олардың өмір жолдарын ұмытылмастай ету - қазіргі ұрпаққа қалдырған бабалар аманаты. Осындай қасиетті аманатты арқалаған ауыл азаматы Оспанов Шыңғыс атты жас жігіт осы мақаланы жазуға себепкер болды.

Ұлы Отан соғысына қатысқан соғыс ардагері Мухамедин Амантай атты атасы туралы тың деректер тауыпты. Ғаламтор арқылы және Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігінің орталық архивінен іздеу арқылы атасы Мухамедин Амантай туралы бағалы деректер алыпты.

Амантай атамыз Ұлы Отан соғысына 1942 жылы 15-ақпан айында алынып, содан 1944 жылдың 26-қыркүйегіне дейін соғыс даласында от кешкен. Нұра ауданынан соғысқа алынған Амантай ағай I украиндық фронтта, II гвардиялық әуе-десанттық дивизияның 5-атқыштар полкінде, 2-батальонының 2-минометтық ротасында командир болыпты.

Содан Карпат тауларындағы Коломия қаласы үшін болған қырғын соғыста 1944 жылдың 18 мамырында ауыр жараланады. Төрт айдай госпитальда жатып, елге аман-есен оралған. Сол қырғын соғыста көрсеткен ерлігі үшін III дәрежелі "Құрмет" орденімен және «За боевые заслуги» медалімен марапатталады. Бейбіт өмірге



За ранение

Все графы заполнять полностью.

Наградной лист 241

1. Звание, фамилия, имя и отчество гвардии ст. сержант Мухамедин Амантай
2. Должность, часть в настоящее время
3. Место учета (райвоенкомат), место работы и должность Нуринский райвоенкомат Карагандинской области Каз. ССР, колхоз [illegible], счетовод.
4. Год рождения 1922 5. Национальность каза. 6. Партийность чл. ВЛКСМ
7. Участие в Отечественной войне I-й Украинский фронт II-гвардейская воздушно-десантная дивизия 5-стрелковый полк, 2-батальон минометная рота с 20-01-43г. по 18-05-1944г.
8. Ранения и контузии - одно тяжелое ранение
9. С какого времени в Красной Армии с 15-02-1942г. по 26-09-1944г.
10. Имеет-ли награды - наград не имеет
11. Постоянный домашний адрес представляемого к награждению и адрес его семьи

Представляется к награждению медалью "За боевые заслуги".

Краткое конкретное изложение личного боевого подвига или заслуг (если они подтверждаются документально, документы приложить к наградному листу) и краткая служебная или производственная характеристика в настоящее время.

(В тексте обязательно указать фамилию, имя, отчество, обстоятельства ранения и последствия, при каких обстоятельствах ранен и куда. В составе какого фронта, армии, дивизии, полка участвовал на фронте, в какой должности и с какого по какое время).

Гвардии ст. сержант Мухамедин Амантай в Отечественной войне участвовал на I-у Украинском фронте II-гвардейская воздушно-десантная дивизия, 5-стрелковый полк, 2-батальон минометная рота в должности командир расчета с 20-01-43г. по 18-05-1944г. В бою в Карпатских горах у города Коломия 18-05-44 при наступлении получил тяжелое сквозное пулевое ранение [illegible] с повреждением кости с ограничением [illegible] подвижности [illegible] сустава.

В настоящее время не годен с исключением с учета по ст. 42 графа II приказ НКО 336-42г. [illegible] к работе [illegible] счетоводом в колхозе [illegible], за ранение на защите Отечественной войны представляется к награждению медалью "За боевые заслуги".

Нуринский райвоенком ст. лейтенант [illegible] / Тарнов /

аман-есен оралған Амантай ағай көп жылдар Еңбек-қорғау колхозында, кейіннен Чкалов атындағы совхоздың Завьяловка атты бөлімшесінде учетчик болып еңбек етіп зейнеткерлікке шықты. Бір ауылда тұрғандықтан, ол кісіні жақсы білемін. Үстінен кіршік жуытпайтын, сондай таза кісі болатын. Үстінен әрдайым сұр кителі, галифе шалбары, аяғында хром етігі түспейтін. Ол уақытта ол кісінің соғыстағы ерлігін кім біліпті, жай ғана қарапайым кісі болатын. Және ол уақытта соғыс ардагерлерін онша дәріптеп, құрметтеген де жоқ. Сөйтіп, қарапайым тіршілікте жүріп, 1984 жылдары 62 жасында соғыстан қалған ауыр жарақаттар салдары ма, өмірден озды. Өкінішке орай, фотосуреті сақталмапты. Марқұм екі ағайынды еді, екеуінен де ұрпақ жоқ.

Амантай ағай ағасы екеуі ағайынының баласын кішкене кезінен бауырына салып, асырап алды. Екі үйде тел өскен балалары қазіргі таңда үйлі-баранды азамат, аталарын, оның әскери өмір жолын іздестіріп жүрген немерелері Оспанов Шыңғысқа айтар алғысымыз шексіз. Амантай марқұмның да аруағы риза шығар, артында іздейтін, аруағына дұға бағыштатар ұрпағы барына. Міне, тумаса да, туғандай болып атасын құрмет тұтып, қадірлеген Шыңғыс осындай игілікті іс атқарып, ата аманатын, ұрпақ парызын орындады деп білемін.

Ол іздемесе, Амантай ағайдың ерлігі туралы кім білер еді. Жас ұрпақ әрқашан ізденісте болып, елінің өсіп-өнін, жерінің көркеюіне, бабалар аманатына әрдайым адал болып, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына өз үлестерін қоса біліп, ел алдындағы азаматтық борыштары деп білемін.

**С.Қ. Қоқанов**
**Кертінді ауылы**

# ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 73 жыл

Алдымызда Ұлы Жеңіс күні келіп қалды. Халық осы күнді мерекелеген кезеңде мен де үлкен қуанышта боламын, себебі бейбіт өмір сыйлаған миллиондаған әкелеріміздің ішінде менің де әкем бар. Онымен мақтанамын, оны ерекше сезіммен еске аламын. 2015 жылы жазған мақалам белгісіз себептермен жарияланбады. Сондықтан нұралықтарға әкемнің есімін жаңғыртуды, өмірде бар оқушыларының есіне түсіруді жөн көрдім.

Ұлы Отан соғысының ардагері Байсалов Мақажан 1913 жылы 1 қаңтарда Нұра ауданы, Кертінді ауылында дүниеге келген. Кәсіби мамандығы – ұстаз. Әкемнің жүздеген оқушылары Нұра жерінде тұрып жатқандықтан, осы мақаламды «Ер есімі – ел - есінде» жаңғырсын деген ниетіммен жаздым. Әкем 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, 1940 жылы Прибалтика жерінде болған фин соғысына қатысқан. Эстония, Латвия, Литва жерлерін азат етіп, СССР- ның құрамына кіргізу майданының алдыңғы шебінде болған. 1941 жылы герман соғысында Украина, Польша, Белоруссия жерлерінде артиллериялық атқыштар полкінің батальон командирі дәрежесінде, капитан шенінде болған. Үш рет жараланып, госпитальдарда емделіп, сапқа оралып отырған. 1944 жылы Жеңіс күніне дейін Прибалтика жерінде қыс айларында шаңғышылардың атқыштар батальонын басқарған. Майдан жолы туралы мәліметтер өмірінің соңғы жылдары мекен еткен Ынтымақ ауылының мектебінде орын алған. Кезінде Ынтымақ елді мекені Нұра ауданының құрамында болған. Туған ауылындағы "Даңқ" орденінің толық иегері Мұташ Сүлейменов атындағы орта мектептің ұжымына азаматтық ризашылығымды білдіремін. Мектеп мұражайында орын алған әкемнің құжаттарын көріп, мектеп ұжымы мен оқушыларының еңбектерінің нәтижесіне ырза болып қайттым. Ардагер 1945 жылғы маусымда Қызыл алаңдағы Жеңіс парадына қатысқан. 1945 – 1948 жылдары Киев , Минск қалаларын соғыс зардаптарынан бейбіт



өмір қалпына келтіру мақсатындағы еңбек майданына қатыстырылған. Елге 1949 жылы оралып, ұстаздық еңбегін Жараспай, Кертінді, Ынтымақ ауылдарының мектептерінде өткізді. 1970 жылы 57 жасында соғыстан қалған жарақаттардың салдарынан өмірден өтті. Артында 4 ұл, 3 қыз, жары қалды. Бүгіндері соғыс, еңбек ардагерінің ұрпақтары, немерелері елімізде, Нұра жерінде әр салада қызмет етіп тұрып жатыр.

**Жақсылық Мақажанұлы**
**зейнеткер-ұстаз, Қарой ауылы**

*К 73-й годовщине Великой Победы*

# В память о войне

Пролетело очень много лет,
Но в сердцах осталась боль за близких,
Как в далёкой, страшной той войне
Погибали юные мальчишки.

Как они пытались защищать
Родину свою пролитой кровью,
И как было трудно мамам ждать
Почтальона с страшной чёрной вестью.

Что уже нет сыночка у неё,
Он погиб, нас с вами защищая.
Потому должны всегда мы знать
Подвиги советского солдата.

Ведь прошло уже немало лет,
Мы живём счастливою судьбою.
Ну а то, что было в той войне,
Помнить и хранить в сердцах мы будем.

Слава всем солдатам той войны!
Вас осталось здесь совсем уж мало,
Низкий вам поклон от всей души,
Милые, родные ветераны!

**Г. Дурдина**
**председатель первичной организации**
**с.Байтуган**

# Әлі есімде сол бір кез

"Өткен күнде белгі жоқ" демекші, фәни жалған, өмір сағаты тынымсыз соғуда. Өткен ғасырдың недей ауыртпашылықтарын бала болсам да, көзбен көріп, санама тоқып өстім. Өткен ғасыр өте ауыр, қанқұйлы ғасыр болды: 32-ші жылғы ашаршылық, 37-38 жылғы зиялы азаматтарымыздың атылып, Киевкаға 1950 жылдары апайыма қонаққа келіп жүргенімде, қазіргі балаларымның әкесі Балташев Сүйіенмен дәм-тұзымыз жарасып, тұрмыс құрдық. Одан біріншi егіз бала тудым. Оның біреуі шетінеп кеткен. Ал қыз балам тірі. Оның есімі - Бағила - 68 жаста. Одан бір қыз бала, жиен-немере сүйіп отырмын.



қуғылдалуы, екінші дүниежүзілік соғыс, соғыстан кейінгі жоқшылық.

Қазақ халқына оңайға түскен жоқ. Қарапайым қыз болсам да, соны көріп өстім.

Мен Ақмола облысының Радионовка совхозында 1931 жылы туғанмын. Ашаршылық болған кезең еді. Ол кезде әкем Қанапия ауыл шаруашылығымен айналысқан деседі. Ал шешем Ұлжан болса, үй шаруашылығымен айналысып, бізді қайтсе де аштан қалдырмай, жеткізе мін деп өз тіршілігін жасаған екен. Ағайындарымыз сол ауылдан әке-шешемді ешқайда көшірмей, ел қатары біздерді, яғни, атап айтсам: үлкен әпкелерім – Құлаш, Шәрбәтті осылай асырап жеткізген болатын.

Жылдар өте соғыс басталған кезде, менің үлкен апам Құлаш комбайнда жұмыс істеген. Ал мен ол кезде 12 жаста ғана едім. Сол соғыс жылдары біздерді өгіз арба жектіріп, арпа –бидайдың масағын тергізіп, таңның атысы, күннің батысы жұмысқа салатын. Өгіз арбаны комбайнға тиеп қойып, бидайды артып алып, қырманға әкеліп төгетінбіз. Сонда біздер сол ауылдан 7-10 шақырымдай жерден жаяу келуші едік. Одан кеде комбайнда істеп жүрген апам Құлашқа атқа мініп тамақ апаратынмын. Міне, соғыс жылдары істеген еңбегіміз елбасымыздың арқасында зая кетпей, елеусіз қалған емес. 60 жылдан соң, сол еңбегімізге зейнетақымызға ақша қосылып, қуанып қалдық.

Отбасым туралы айтатын болсам, осы Екінші балам Төлеубек - 61 жаста, үйлі-баранды. Ол ұлымнан төрт немере, екі шөберем бар. Үшінші қызым Бағлан - 59 жаста. Ол қазір Қарағандыда тұрады. Төртінші балам Төребек - 51 жаста, үйлі –баранды. Одан дүниеге төрт немерем келді. Қазір осы баламның қолындамын. Ал кенже қызым Гүлшат - 50 жаста, тұрмыста, бір ер баласы бар, Астанада тұрады.

Апамның берген күш-қуатымен тұрмысқа шыққам да, қарап отыра алмадым. Айтар болсам, мен атаммен бірге қолыма шалғы алып, шөп шауып, оны арбаға артысып, бірге еңбек еттім. Одан келіп, лайдан кірпіш құйып, басымызға баспана да салып алдым.

Міне, осы күш-қуатымның арқасында 87 жасқа аяқ басқанымды сезбей де қалыппын. Бірақ денсаулығым онша болмай тұрса да, құдайға шүкір, өзімді күтіп, уақытында дәрі-дәрмегімді ішіп отырғанымнан жалыққан емеспін.

Көзілдіріксіз газет-журнал оқимын. Осы әңгімеме арқау болып отырған себеп - биыл мені алғаш рет Қарттар күнімен құттықтап, үйге сыйлық әкеліп берді. Осылай мені құрметтесе, Алла тағала оларды да солай құрметке бөлесін. Бастарыңнан бақ кетпесін, әрқашанда жолдарын ашық болсын. Отбасыларына мол бақыт, зор денсаулық, ашық аспан тілеп, заманымыз тыныш, халқымыз аман болсын дегім келеді.

**Балташева Шәкәр**

**Приложение 4**
**к Правилам организации питания обучающихся**
**в организациях среднего образования форма**

# Объявление о конкурсе

**Наименование:**
**ГУ «Отдел образования Нуринского района»**
Почтовый адрес:
**Карагандинская область, Нуринский район, п. Нура, ул. Тәуелсіздік, 41, индекс 100900**
Электронный адрес:
ROO-NURA.KZ
**объявляет о проведении конкурса по выбору поставщика услуги по организации питания в дни функционирования летних пришкольных лагерей обучающихся из числа малообеспеченных семей.**

| № лота | Место оказания услуги | Перечень категорий получателей услуги | Количество учащихся | Сумма, выделенная на оказание услуги (тенге) |
|---|---|---|---|---|
| Лот 1 | КГУ "Киевская средняя школа № 1" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области п. Нура | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 75 | 360000 |
| Лот2 | КГУ "Киевская казахская общеобразовательная школа № 2" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области п.Нура | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 75 | 360000 |
| Лот3 | КГУ "Опорная школа (ресурсный центр) "Киевская общеобразовательная школа № 3" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области п.Нура | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 75 | 360000 |
| Лот4 | КГУ "ОШ им. Муташа Сулейменова" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с. Кертинды | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 55 | 264000 |
| Лот5 | КГУ " ОШ им. Рахима Асубаева" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Кобетей | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 55 | 264000 |
| Лот6 | КГУ "Жараспайская общеобразовательная школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Жараспай | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 35 | 168000 |
| Лот7 | КГУ "Индустриальная общеобразовательная школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Тассуат | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 60 | 288000 |
| Лот8 | ГУ "Заречная общеобразовательная школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Заречное | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 55 | 264000 |
| Лот9 | КГУ "Общеобразовательная школа им К.Шайменова" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Шахтер | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 45 | 216000 |
| Лот 10 | КГУ "Щербаковская общеобразовательная школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Щербаковское | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 35 | 168000 |
| Лот 11 | КГУ "ОШ им Сакена Сейфуллина" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Ахметаул | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 45 | 216000 |
| Лот 12 | КГУ " ОШ им.Карима Мынбаева" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Мынбаева | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 45 | 216000 |
| Лот 13 | КГУ "Нуринская общеобразовательная школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Изенды | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 40 | 192000 |
| Лот 14 | КГУ "Общеобразовательная школа им Абдоллы Асылбекова" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Майоровка | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 45 | 216000 |
| Лот 15 | КГУ "Байтуганская общеобразовательная школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Байтуган | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 45 | 216000 |
| Лот 16 | КГУ "Пушкинская основная средняя школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Алгабас | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 20 | 96000 |
| Лот 17 | КГУ "Каройская общеобразовательная школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Карой | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 35 | 42165,38 |
| Лот 18 | КГУ "Донская основная средняя школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Куланотпес | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 25 | 30118,13 |
| Лот 19 | КГУ "Пржевальская общеобразовательная школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Пржевальское | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 40 | 48189 |
| Лот 20 | КГУ "Основная средняя школа им.Дакена Шалабекулы" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с. Кантай | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 4 | 4818,9 |
| Лот 21 | КГУ "Баршинская общеобразовательная школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Баршино | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 45 | 216000 |
| Лот 22 | КГУ "Куланотпесская основная средняя школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Куланутпес | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 20 | 96000 |
| Лот 23 | КГУ Каракойынская общеобразовательная школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с. Жанбобек | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 20 | 24094,5 |
| Лот 24 | КГУ "Сарыузенская основная средняя школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Ткенекты | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 20 | 24094,5 |
| Лот 25 | ГУ "Шубаркольская ОШ им Абая" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Шубаркуль | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 30 | 36141,75 |
| Лот 26 | КГУ "Соналинская начальная школа" отдела образования акимата Нуринского района Карагандинской области с.Соналы | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 2 | 2409,45 |
| Лот 27 | КГУ "Начальная школа имени Омирзака Турлыбекова" отдела образования Нуринского района Карагандинской области с.Талдысай | Учащиеся из числа малообеспеченных семей | 4 | 4818,9 |

Срок оказания услуги: 1 сезон с 04 июня по 22 июня 2018 года ( 15 дней)
Срок оказания услуги: 2 сезон с 28 июня по 19 июля 2018 года (15 дней)
Срок оказания услуги: 3 сезон с 25 июля по 14 августа 2018 года ( 15 дней)

К конкурсу допускаются все потенциальные поставщики, отвечающие требованиям конкурсной документации.

**Пакет копии конкурсной документации можно получить в срок до «17» мая 2018 года включительно по адресу: Карагандинская область, Нуринский район, п.Нура, ул. Тәуелсіздік, 41, кабинет юриста, с 9:00 до 18:30 часов (перерыв на обед с 13:00 ч. до 14:30 ч.) и/или на интернет - ресурсе: http: ROO-NURA.KZ**

Конкурсные заявки на участие в конкурсе, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ГУ «Отдел образования Нуринского района» по адресу: Карагандинская область, Нуринский район, п. Нура, ул. Тәуелсіздік, 41, кабинет юриста, 100900. **Ответственный за прием и регистрацию конкурсной документации: Левченко Светлана Петровна**

Окончательный срок представления заявок на участие в конкурсе до **10:00 часов "18" мая 2018 года.**

**Конверты с заявками на участие в конкурсе будут вскрываться по следующему адресу: Карагандинская область, Нуринский район, п. Нура, ул. Тәуелсіздік, 41, кабинет руководителя отдела образования, в 10:00 часов "18" мая 2018 года.**

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефонам: **8(72144)79048 и 22706**

## Құрметті ата-аналар мен оқушылар!

Ағымдағы жылдың 24 сәуірінен 10 мамыр аралығында 5 және 7 сынып оқушыларына арналған мамандандырылған мектеп-интернатына оқуға түсуге құжаттарды қабылдау жүзеге асырылады.
Мектептерге құжаттарды қабылдау төмендегі мекенжайлар бойынша жүзеге асырылады:
5 сыныптарға: «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернаты, мекенжайы: Қарағанды қ., Гапеев көш., 29/2, тел: 8 (7212) 347727
«Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты, мекенжайы: Қарағанды қ., Гоголь көш., 46 А, тел: 8 (7212) 500368
Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты, мекенжайы: Қарағанды қ., Әлиханов көш., 36 / 2, тел: 8 (7212) 567232
Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты, мекенжайы: Қарағанды қ., 12 ықшам аудан, 3, тел: 8 (7172) 451649
«Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты (Жезказган қ.). Мекенжайы: Абай көш., 144, тел: 8 (7102) 77-61-60
«Зияткер» мамандандырылған мектеп-интернаты (Балқаш қ.). Мекенжайы: Бейбітшілік көш., 3, тел: 8 (710-36) 4-00-51
7 сыныптарға: «Ақпараттық технологиялар» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты, мекенжайы: Колодезная көш., 98, тел: 8 (7212) 37-64-22
Конкурстық іріктеу 2 кезеңнен тұрады.
1 кезең - а.ж. 12 мамыр күні - математика және логика бойынша тестілеу.
2 кезең - а.ж. 19 мамыр күні - математика, логика және оқу тілі бойынша тестілеу.

## Уважаемые родители и учащиеся!

С 24 апреля по 10 мая т.г. осуществляется прием документов для поступления в 5 и 7 классы специализированных школ-интернатов для одаренных детей. Прием документов осуществляется в школах:
в 5-е классы: специализированная школа-интернат «Дарын», адрес: г.Караганда, ул. Гапеева, 29/2, тел: 8 (7212) 347727
специализированная школа-интернат «Мұрагер», адрес: г.Караганда, ул.Гоголя, 46А, тел: 8 (7212) 500368
специализированная школа-интернат имени им. Н.Нурмакова, адрес: г.Караганда, ул.Алиханова, д.36/2, тел: 8 (7212) 567232
специализированная школа-интернат имени Жамбыла, адрес: г.Караганда, 12 мкр д-3, тел: 8 (7172) 451649
специализированная школа-интернат «Өркен» (г. Жезказган), адрес: ул. Абая, д.144, тел: 8 (7102) 77-61-60
специализированная школа-интернат «Зияткер» (г.Балхаш), адрес: ул.Мира, д.3, тел: 8 (710-36) 4-00-51
В 7-е классы: специализированная школа-лицей-интернат информационных технологий, адрес: ул.Колодезная ,д.98, тел: 8 (7212)37-64-22
Конкурсный отбор проводится в 2 тура.
1 тур – 12 мая т.г. – тестирование по математике и логике.
2 тур – 19 мая т.г. – тестирование по математике, логике и по языку обучения.

*Информация для инвалидов*

# Медицинские показания и противопоказания к предоставлению социальных услуг индивидуального помощника

Индивидуальный помощник – специалист, оказывающий социальные услуги по сопровождению инвалида от места проживания до пункта назначения и обратно: на работу, в учебные заведения, а также при посещении инвалидом местных представительных и исполнительных органов, суда, прокуратуры, объектов социальной сферы, юридических консультаций, нотариуса, культурно-зрелищных мероприятий, спортивных сооружений, объектов торговли, медицинских учреждений, предприятий бытового обслуживания и иных организаций для решения вопросов, связанных с обучением, трудоустройством, защитой и реализацией своих прав и интересов, получением информации, оформлением необходимых документов, на условиях договора.

Медицинскими показаниями к предоставлению социальных услуг индивидуального помощника являются:
1) абсолютная слепота;
2) острота зрения на оба глаза до 0,03 с коррекцией;
3) значительно или резко выраженные вестибулярно-мозжечковые нарушения;
4) значительно или резко выраженный гиперкинетический амиостатический синдром;
5) паркинсонизм (значительно или резко выраженная акинетико-регидная форма);
6) значительно или резко выраженные: гемипарез, нижний парапарез, трипарез, обусловленные заболеваниями или последствиями травм;
7) гемиплегия, триплегия, параплегия;
8) значительно или резко выраженные нарушения функций кровообращения и дыхания (недостаточность кровообращения III стадии, коронарной недостаточности соответственно стенокардии IV-го функционального класса, дыхательной недостаточности III степени в сочетании с легочно-сердечной недостаточностью II-III и III стадий и другие);
9) значительно или резко выраженные нарушения функции мочевыделительной системы (хроническая почечная недостаточность III-IV степени);
10) значительно или резко выраженные нарушения стато-динамических функций организма с нарушением функции суставов III-IV степени;
11) ампутационные культи обеих верхних конечностей, не подлежащие протезированию и затрудняющие пользование средствами передвижения;
12) врожденные аномалии развития обеих верхних конечностей, не подлежащие протезированию и затрудняющие пользование средствами передвижения;
13) ампутационные культи обеих бедер, не подлежащие протезированию;
14) ампутационные культи обеих голеней, не подлежащие протезированию с выраженными функциональными нарушениями верхних конечностей, затрудняющими пользование средствами передвижения;
15) врожденные аномалии развития нижних конечностей с нарушением передвижения III третьей степени;
16) анкилозы в функционально невыгодном положении обеих тазобедренных или коленных суставов с нарушением функций суставов III-IV степени в сочетании с выраженными функциональными нарушениями верхних конечностей, затрудняющими пользование средствами передвижения;
17) значительно или резко выраженные контрактуры обеих тазобедренных или коленных суставов с нарушением функций суставов III-IV степени в сочетании с выраженными функциональными нарушениями верхних конечностей, затрудняющими пользование средствами передвижения.

Медицинскими противопоказаниями к предоставлению инвалидам социальных услуг индивидуального помощника являются следующие заболевания, требующие лечения в специализированных медицинских организациях:
1) туберкулез с бактериовыделением (БК+);
2) инфекционные заболевания кожи и волос;
3) венерические болезни;
4) болезнь, вызванная вирусом иммунодефицита человека (ВИЧ);
5) психические расстройства, за исключением неврозов, неврозоподобных состояний, легкой степени дебильности, судорожных синдромов различной этиологии с редкими (не более одного раза в 2-3 месяца) припадками, без слабоумия и выраженных изменений личности.

Предоставление услуг индивидуального помощника осуществляется на основании ИПР (индивидуальной программы реабилитации), разработанной территориальным подразделением уполномоченного органа в области социальной защиты населения, с учетом медицинских показаний и противопоказаний к предоставлению социальных услуг индивидуального помощника согласно приложению 1 к настоящим правилам ( "Правил проведения медико-социальной экспертизы", утвержденных Приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 30 января 2015 года №44).

После разработки социальной части ИПР лица, нуждающиеся в индивидуальном помощнике, подают заявление в городские, районные отделы занятости и социальных программ по местожительству. Отделы занятости после выдачи уведомления ежеквартально 5 числа месяца, следующего за отчетным кварталом, составляют списки об инвалидах, подлежащих обеспечению услугами индивидуального помощника и формируют потребность в указанных услугах. Отделы занятости проводят закуп услуг индивидуального помощника в соответствии с законодательством Республики Казахстан о государственном социальном заказе и о государственных закупках, за исключением услуг, приобретаемых у физических лиц, не являющихся субъектами предпринимательской деятельности, по договорам возмездного оказания услуг.

ИПР разрабатывается на срок установления инвалидности с указанием срока реализации каждого реабилитационного мероприятия, соответствующего сроку реализации ИПР. Отделом МСЭ осуществляются мониторинг за реализацией ИПР и оценка эффективности мероприятий по ИПР при очередном освидетельствовании инвалида.

**Р. Амалбекова**
**главный специалист отд. МСЭ№2**

*Тағзым*

## Нұрғайша Жағанқызы Усабаева



Нұра ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, білім беру ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз **Нұрғайша Жағанқызы Усабаева** 80-нен асқан шағында өмірден озды. Нұрғайша Жағанқызы - білім саласында көп жыл қызмет атқарып, өзінің білімділігімен, адамға тән адамгершілік қасиетімен, ұжымының алдында да, оқытқан шәкірттерінің алдында үлкен құрметке ие болған жан. Нұрғайша Жағанқызының ерекшелігі – туа біткен, бар жан-дүниесімен ұстаз еді. Өз шәкірттерін ізгілікке баулып, жақсылыққа тәрбиелейтін, өміріне азық болатын білім берген ұлағатты ұстаз нұр шашқан жанарымен, ойлы сөздерімен баршамызды тек ізгі қасиетке, жақсы бастамаларға жетелейтін. Жаны жайсаң ұстаз қазақ, орыс классиктерінің шығармаларын жатқа біліп, Киевка №2 жалпы орта білім беретін қазақ мектебінде отыз бес жыл қатарынан орыс тілі пәнінен сабақ берді. Нұрғайша Жағанқызының оқушыларға берген білімі, оқытқан сабақтары, айтып түсіндірген дәрістері шәкірттерінің есінен ешқашан өшпейтін естелік болып қалды. Ұлағатты ұстаздың тіршілігі мағыналы да баянды болды. Отбасы үшін, ұлты үшін, адамзаттың адами тұғыры үшін еңбек етті. Нұрғайша Жағанқызының еліне істеген қызметі еленіп, Тәуелсіздік күні қарсаңында «Нұра ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Өмірінің елеулі кезеңін ұрпақ тәрбиелеуге арнаған Н.Ж. Усабаева «Білім беру ісінің үздігі» иегері, Бүкілодақтық мұғалімдер съезінің делегаты болды, көптеген облыстық, республикалық мақтау қағаздары және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Усабаева Нұрғайша Жағанқызының алдынан қанаттанып ұшқан шәкірттері әлі күнге дейін ұлағатты ұстаздарын ұмытпайды. Олар бүгінде тәуелсіз Қазақстанның көркейіп өсіп-өнуі үшін еліміздің түкпір-түкпірінде әртүрлі салада еңбек етіп жүр. Нұрғайша Жағанқызының ұл-қыздары мен шәкірттері бүгінде елге сыйлы, ғылымға, білімге, әдебиетке, жалпы рухани кеңістікке өз үлестерін қосып жүрген танымал талант иелеріне айналған.

Бар ғұмырын білім саласына арнап, шәкірттерінің алғысына бөленген ардақты ұстаздың жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

**Н.И. Омарханов**
**Т.Х. Оспанов**
**М.Қ. Жұманов**
**У.Т. Оспанов**
**М.Д. Тұраров**
**Д.Н. Серіков**
**С.О. Қоңырбаев**
**К.А Жұмаділова**

## Еске алу



Жараспай ауылы, Малайқұдық бөлімшесінің тұрғыны болған **Мұхаметжанов Сайлаубай Ақбергенұлының** өмірден өткеніне 1 жыл толып отыр. Жатқан жері жарық болсын деп, құран бағыштағаннан басқа амалымыз жоқ. Жаны жаннатта болып, жұмақтың төрінен орын бұйырсын деп тілейміз.

Жайлы болсын жер бесігің таңылған,
Мамық болсын топырағың жамылған.
Артындағы ұрпағыңның барында
Отың сөнбес сөзің барда жағылған.

*Марқұмның жылына арналған ас 9 мамыр күні, сағат 14.00-де, Киевка кентіндегі мешіт асханасында беріледі. Қайғымызға ортақтасқан құда-жекжат, туған-туыс, көңіл білдірген ел-жұртты дұғаға қол жаюға шақырамыз.*

**Еске алушылар: балалары. №229**

## Еске алу





Асыл жар, ардақты әке **Смағұлов Өмірзақ Жамкенұлының** өмірден озғанына 6 жыл, аяулы ағамыз **Смағұлов Жанұзақ Өмірзақұлының** өмірден озғанына 14 жыл болды. Абзал жандарды еске ала отырып, топырақтары торқа, жандары жаннатта нұрлансын деп Алла тағаладан тілейміз.

Тең келмейтін алтын да еш қолдағы,
Өздерің едіңіздер әке, аға, үйдің зор бағы.
Жарық берер айымыздай көктегі,
Болушы едіңдер жанымыздың қорғаны.
Біздер үшін асқар едіңіздер, шың, асқақ,
Сіздерсіз қалды жанымыз да тым ақсап.
Жанарларды жәудіретіп мәңгілік,
Кеттіңіздер жанымыздан жырақтап.
Жан әкешім, ағам, қызметте бапты ерім,
Елге сыйлы, абыройлы, даңқты едіңіздер.
Кеткеніңде келмейтін боп енді еш,
Сіздерді жоқтап, күңіреніп жатты елің.
Сіздер кеткенде жанарлар да жылап тым,
Жігеріміз кетті сынып, сұлап мың.
Жан әкешім, ағатайым, жандарын болғай әрқашан,
Ең ерекше ақ төрінен жұмақтың.

**Еске алушылар: жұбайы-анасы Клара, балалары-бауырлары: Кымбат-Руслан, Сымбат-Қуаныш, Асығат-Гүлнара, Гүлзат, немере-жиендері: Дәурен, Марғұлан, Дамира, Шоқан, Мансұр, Кәмшат. №233**

## Еске алу



Нұра кентінің тұрғыны болған аяула анамыз **Карипова Татьяна Қаптайқызының** бақилық өмірге аттанғанына 30 мамырда 1 жыл толады. Асыл анамызды сағына отырып, топырағы торқа, жаны жаннатта нұрлансын деп Алладан тілейміз.

Біздер сені ұмыта аламыз ба?
Бар болмысың, мінезің санамызда.
Шуақ жүзің жарасып өз бойына,
Шаттанып жүруші едің арамызда.
Кеттің мәңгі қайта келмес тұраққа,
Сапар шектің шексіз-шетсіз ұзаққа.
Жаратқаннан тілеріміз ендігі,
Жаның мәңгі орын тапсын жұмақта.
Жайлы жат, ару ана, бақыл болып,
Иманың жолдас болсын, мақұл болсын.
Артыңда біздер сізге дұға қылып,
Қабірің жатсын дейміз нұрға толып.

*Карипова Татьяна Қаптайқызының жылына арналған ас 13 мамыр күні, сағат 12.00 –де, «Тайқазан» мейрамханасында беріледі.*

**Еске алушылар: балалары, күйеу балалары, келіні, немерелері мен жиендері.**

## Еске алу



Қызыл Жұлдыз ауылының тумасы, Көбетей ауылының тұрғыны, асыл жар, немерелерінің сүйікті атасы, балаларының ардақты әкесі **Мақпозұлы Сәду** тірі болғанда 9 мамырда 90 жасқа келер еді. Топырағы торқа, жаны жаннатта болсын. Көрген бейнетін артында қалған немере-шөберелері көрмесін. 12 жасынан колхозда еңбек етіп, әртүрлі салада белсенді қызмет етіп зейнеткерлікке шыққанда да, қоғамдық жұмысқа араласты. 2004 жылы 76 жасында дүниеден озды. Содан бері 14 жыл өтіпті.

Сағындық қой, жан әке, өзіңізді
Ұмытпаймыз мәңгілік жүзіңізді.
Дана едің жан баласын ренжітпеген,
Қолда барын ешкімнен аямаған.
Әке едің аққөңіл аңқылдаған,
Жадымызда қалар бейнең жарқылдаған.
Топырағың торқа болсын Серкебайда,
Аруағың қолдап жүрсін Майда шешең.

**Сағына еске алушылар: балалары, немере-шөберелері, жұбайы Сара, ұлы Жексен. №221**

## Еске алу



Нұра кентінің тұрғыны болған аяулы да ардақты анамыз, сүйікті әжеміз **Мұқашева Күлән Нухыңқызы** көзі тірі болғанда 9 мамыр күні 81 жасқа толушы еді. Анамыздың туған күнін бәріміз мәресәре болып тойлаушы едік. Қашанда ананың орны бөлек екен. Бірақ Алланың ісіне не шара?! Бүгінгі күні ортамызда жоқ. Ойсырап ортамызда орны қалды. Анамыз жаны жайсаң, жүрегі жұмсақ, көңілі кімге болса да адал, отбасымыздың құт- берекесі еді.

Анажан, шаңыраққа пана болдың,
Аналық мейіріміңді аямадың.
Анашым, ортамыздан кетсең дағы,
Нұрлы бейнең жүректе сақталады.

Адамның мәңгі жасамайтынын түсінсек те, көңіліміз босап, далада қалғандай күй кешеміз. Алла анамыздың жатқан жерін жайлы, топырағын торқа етсін.

**Рухына бас иіп, сағына еске алушылар: ұлдары мен келіндері, қыздары мен күйеу балалары, жиендері, немерелері мен шөберелері. №203**

## Еске алу



Асқар таудай әкеміз **Күлдібаев Байжиен Күлдібайұлының** фәниден бақиға өткеніне аттай қырық жыл өтті. Асыл анамыз **Күлия Жөкейқызының** ортамызда жоғына 20 жыл болды. Ортамызда дана, баршамызға пана болған ардақты әке-шешеміздің асыл бейнесі мәңгі жүрегімізде.

Көп жыл болды көздеріңді жұмғалы,
Іздейміз біз пана болар өздеріңді.
Сағынамыз, еске аламыз әрдайым,
Жанға дауа, мейірім толы сөздеріңді.
Сағынышпен өздеріңді еске аламыз,
Әрдайым қолдап жүрсін аруақтарың.

**Сағына еске алушылар: балалары, келіндері, немере-шөберелері, жиендері. №218**

## Еске алу



Нұра кентінің тұрғыны болған, аяулы да ардақты жан **Нығметов Ғазиз Аманжолұлының** өмірден өткеніне 1 жыл толып отыр. Баршамыз осынау қайғының ауыртпалығын әлі де жүрегімізбен көтеріп келеміз. Бүгінде анасы, туған-туыстары, қызметтес-жолдастары, адал жары мен балалары аяулы жанды сәт сайын сағынып, әр күнді аңсаумен өткізіп келеді. Сағына еске ала отырып, жатқан жері жарық, топырағы торқалы, иманы саламат болсын дейміз. Көрер қызығы, жасамаған жасы, орындалмай кеткен армандары ұрпағына аманат болып, солардың амандығын беруге нәсіп қылсын. Алланың жазуы сол болған соң, қарсы тұрар мұрша бар ма? Алланың нұрына толсын деп дұға бағыштаймыз.

Айырылып қап өзіңнен қапыдамыз,
Өзекті өртеп өкініш, аһ ұрамыз.
Үңірейіп қалды-ау сенің орның,
Сұм ажалға дәрмен қыла алмаймыз.
Бауырмал ең, аққөңіл аңқылдаған,
Мейірлі, жылы жүзің жарқылдаған.
Естен кетпес елгезек жарқын жаның,
Торқа болсын жатқан жерің, топырағың.

*Марқұмның жылдық асы 12 мамыр күні Нұра кентінің "Тайқазан" кафесінде, сағ. 12 00-де, алыстан келген қонақтар мен ер-азаматтарға, сағ. 15 00-де әйел адамдарға беріледі.*

**Сағына еске алушылар: анасы Сапия, жұбайы Әйгерім, балалары: Ақпейіл-Аян, бауырлары, туған-туыстары. №225**

## Еске алу



Нұра кентінің тұрғыны **Сүлейменова Аяулым Жаңбырбайқызы** қара жер қойнауына мәңгілікке сапар шекпегенде, 7 мамырда 30 жасқа келер еді. Дүниеден өткеніне үстіміздегі жылдың 13 маусымында бір жыл болады. Арманы қысқа, өмірі келте болған марқұм келініміз сағына еске ала отырып, топырағы торқалы болып, о дүниеден Алланың мейірімі жауып, жаны жаннатта болсын демекпіз!

Асыл едің, ардақты едің біздерге,
Құдай бізге көп көрді ме сені де?
Алып кетті ортамыздан неге ерте?
Жүрер едің ойнап-күліп әлі де.

*Марқұм келініміздің жылына арналған ас мамырдың 12-сі күні сағат 14.00-де Киевка кентіндегі мешіт асханасында беріледі. Қайғымызға ортақтасқан барлық жанды дұғаға қол жаюға шақырамыз.*

**Еске алушылар: енесі Шолпан, жұбайы Бекболат, Саят-Анар, Айнұр-Даурен, Асылназ, Али, Айша. №212**

## Еске алу



Жараспай ауылының тумасы, Қайнар ауылының тұрғыны болған **Кипшакбаев Сейлхан Әукенұлы** тірі болғанда 12 мамыр күні 43 жасқа толар еді.

Жан әке, біз, ұл-қызыңыз, сіздің өміріңіздің жалғасымыз, сіз біздің есімізде мәңгіліксіз! Мәңгілік жарық үйіңіз нұрға толсын. Алланың рақымы, Пайғамбардың шапағаты жаусын. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын!

Әкешім,құса болдым сағыныштан,
Жастық қайда мендегі алып-ұшқан.
Құшақтағым келеді бас алмастан,
Күндер қайда мойныңнан қысып құшқан.
Өмір мені үйретті жыламауға,
Болмашыға сынбауға ,құламауға,
Бірақ әке ,орның әркез сезіледі,
Ерік бермей өкініш сығалауда,
Қайдасың сен ,әкетайым?!

**Еске алушылар: жұбайы Дина, балалары: Абылайхан, Гүлім. №226**

# Құттықтаймыз!



Нұра кентінің тұрғыны, ардақты анамыз **Балташева Шәкарды** Жеңіс күнімен құттықтаймыз!

Анамыз бүгінде бес баладан он немере, екі шөбере сүйіп отыр. Біздің асыл анамыз – парасатты, білімді, дінге өте берік адам, жасының ұлғайғанына қарамай, осы күнге дейін кітап оқуын үзген емес. Білгендері мен көңілге түйгендерін үнемі балаларына, немелеріне айтып, кеңес беріп отырады. Құран оқып, ораза ұстап, намаз оқуды үйретуден жалықпайды. Бойында рухани тазалығы есіп тұратын, көркем мінезді, сабырлы да салиқалы анамызға зор денсаулық тілеп, балаларының, немере-шөберелерінің қызығына тоймай, қуанышқа бөленіп, дүниенің бар жақсылығы мен рахатын көруін, көңіл-күйінің әрдайым көтеріңкі болып, Алла тағала жанына қуат бере берсін деп тілейміз.

**Ізгі тілекпен: балалары: Бағиля, Төлеубек-Майра, Бағлан, Төребек-Сайран, Гуля-Армия және немерелері, шөберелері. №234**

# Құттықтаймыз!



Құланөтпес ауылының тұрғыны, адал жар, қадірлі әке, аяулы атамыз **Канафин Ерсаин Дүйсекұлын** 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз! Алпыс - тал түс. Алда әлі талай асулар мен белес-белдер бар. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңізге саулығын, отбасыңыздың амандығын тілейміз. Қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз. Абыройыңыз асқақтай берсін дей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз:

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.
Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Немерелердің қызығына бөленіп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз.

**Ізгі тілекпен: жұбайы Назипа, балалары: Динара, Данияр-Майрагүл, немерелері: Еркеназ, Ерназ, Ислам. №224**

# Құттықтаймыз!



**Құрметті Канафин Ерсаин Дүйсекұлы!**

Сізді 60 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы таңда өмір жолының асқар биігі – алпыстың шыңына шығып отырған сізді көпшілік ұлағатты ұстаз, ғұмырын білім саласының болашағына арнаған зиялы азамат ретінде таниды.

Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берсін кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
60 жастың құтты болсын белесі.
Тойыңыз әркашан тарқамасын,
Өзіңізді балаларың арқаласын.
Жасыңызға дәл осындай жас қосылып,
Көңілді дариядай жарқырасын.

Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз! Шығар шыңдарыңыз әркашан да биік болғай!

**Тілек білдіруші: Дон негізгі орта мектебінің ұжымы**


# ҚҰРМЕТТІ НҰРАЛЫҚТАР!

13 мамыр күні, сағат 14.00-де, "Тәуелсіздік" саябағында қасиетті Рамазан айына орай концерттік бағдарлама өтеді. Балаларға батут, секіртпе қойылып, балмұздақ таратылады.

**Нұра аудандық мешіті**

## Уважаемые клиенты!

В такси «Мөлдір» по техническим причинам с 14 мая 2018 года будет меняться рабочий номер таксопарка с **22822 на 22007.**
Сот.ном.: 8 776 522 28 22, 8 777 405 72 68 №222




**ИП «Греф» оказывает услуги: ассенизация (тел.:8 705 217 82 07), вывоз мусора (тел.:8 705 299 43 23). Реализуем цемент. В магазине «Восток» открылась парикмахерская (тел.:8 771 268 88 34). Тел.: 21001 № 196**

**В супермаркете «Береке» действует оптовая торговая точка.**

**Масло растительное (5 л.) – 1710 тенге**
**мука (1 с., 25 кг) – 2100 тенге**
**мука (в/с, 25 кг) – 2550 тенге**
**сахар (25 кг) – 204 тенге/кг**
**чай – 575 тенге**
**макаронные изделия – от 150 тг/кг.**

**В продаже ежедневно хлеб производства «Береке» по 65 тенге, сайка, баурсаки – 500 тенге/кг, хлеб кукурузный – 65 тенге, булочки – 20 – 30 тенге, лепешка – 65 тенге. В супермаркете «Береке» покупку можно оплатить картой «Народного банка».**

**Кроме того, в наличии все товары по оптовым ценам в большом ассортименте.**

**ПТ «Нура» производит откачку септиков по цене – 2 тыс. тенге за рейс. Каждая пятая откачка – бесплатно. Тел.: 21573, 8 705 588 98 54 №231**


*Ауыл тынысы*

# Изендідегі игі іс

Халқымызда «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген нақыл сөз бар. Бұл өсиет бүгінде өзінің өміршеңдігін жойған емес.

Таяуда изенділік бір топ жастар, яғни, ауылдан түлеп ұшқан түлектеріміз ауылымыздың көркеюіне үлес қосып, игі істің бастамасын бастап берген-ді.

Ауыл жастарының көздеген бағыттарының бірі - Изенді ауылын көгалдандыру, абаттандыру, жасыл желекпен көмкеруді көздеу. Аталмыш жоспардың басын біріктіріп, жүзеге асуына мұрындық болған азамат Кантарбаев Алдабай Жексенбіұлы және 1993, 1995, 1996, 1997 жылы мектеп бітірген түлектері болатын. Игі бастама мектеп жанындағы саябақты көгалдандыру жұмысы, ағаш көшеттерін отырғызу, ауыл тұрғындарына арналған демалыс саябағын құрудан басталмақ.



Саябаққа жалпы саны 73 жас ағаш көшеттері отырғызылды. «Қай істің болсын әнуіне үш шарт бар: ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек», - деп М.Әуезов айтқандай, ақ ниетпен қолға алынған істің нәтижелі болуы күш-жігер мен талап-тәртіпті қажет ететіні сөзсіз. Осы орайда бұл жұмысқа тек ауыл жастарынан бөлек ауыл әкімі Балабиев Ж.А., «Отқанжар» ЖШС-нің басшысы Отарбаев Қ.Ж., Нұра ЖОББ мектебінің директоры Е.Е.Қыдырғанбеков істің басы-қасында жүріп, мектеп оқушылары, ауыл азаматтары, әр мекеменің қызметкерлері бұл іске қол ұшын созып, көмектерін аямады.

Жақсы бастамалар бұнымен тоқтар емес, тек алды болмақ. Келешекте бірлесе және жұмыла кіріскен істің жемісін көрмекпіз.

**Айкерім Уайділда**
**Нұра ЖОББ мектебінің аға тәлімгері**

*Рухани жаңғыру*

# Эра независимости

6 апреля в КОШ №1 состоялось заседание круглого стола, на котором обсуждалась новая книга Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Эра независимости».

В работе круглого стола приняли участие учителя школы, ученики 10 класса, библиограф ЦРБ Б. Исакова.

Со вступительным словом к участникам заседания обратилась Б. Исакова, она разъяснила суть реформ и требований, которые Президент ставит перед правительством и народом Казахстана, также остановилась на ключевых моментах книги, а именно на 10 задачах. Сотрудник центральной библиотеки подготовила для участников круглого стола обзор книги и видеопрезентацию «Эра независимости».



Написанный в жанре исторической публицистики и изданный на казахском и русском языках новый труд Главы государства отражает авторский взгляд на новейшую историю страны и ее будущее.

Содержание книги Президент определил в эпиграфе: "Эта книга посвящена моему народу, который всегда меня поддерживал. Народу, который уверенно идет в будущее своим собственным казахстанским путем!"

Книга Главы государства стала вдохновляющей возможностью взглянуть на пройденный нашей страной уникальный путь, оценить роль личности Первого Президента в новейшей истории республики, вспомнить, как закладывался фундамент казахстанской независимости всех нынешних успехов и достижений.

Эту книгу по праву можно назвать «Энциклопедией Независимости»

В ходе круглого стола состоялся конструктивный диалог о сущности казахстанской модели развития.

С докладом на тему « Рождение Государства » выступила Конькова Алина, Прокоп Георгий раскрыл тему « Великое преодоление», которое затрагивает период с 1996 по 1999 год.

С 2000 по 2010 год с темой "На крутом подъеме" выступила Бондаренко Кристина.

В ходе «круглого стола» поднялась и тема «Роль молодежи в модернизации Казахстана», которую затронула Приб Вероника.

Встреча прошла в форме свободного общения, участники круглого стола активно, эмоционально выступали, рассказывали, высказывали свое мнение.

**Е. Побиткова,**
**зав библиотекой**


| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: Нұра аудандық әкімдігі Меншік иесі: "Аудандық "Нұра" газетінің редакциясы" ЖШС-гі Қазақстан Республикасыны Мәдениет және ақпарат министрлігінен 2012 жылдың 16 қаңтарында бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №12240-Г куәлік берілген. | Бас редактор Тазагүл ПІШЕНБАЕВА<br>Индекс: 100900 Мекен-жайымыз: Қарағанды облысы Нұра ауданы Нұра кенті, Талжанов көшесі, 5а үй. Электронды адрес: **gazeta.nura@mail.ru** Телефондары: Бас редактор: 22-4-77 | Газет ЖШС "Типография Арко" баспаханасында басылған. Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15 Телефондары: 41-17-83, 41-17-80 Офсеттік басылым, көлемі 2,0 баспа табақ. Газет сенбі сайын шығады. | Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді | Газет аптасына 1 рет шығады<br>Индексі 65421 Тиражы 3218 Тапсырыс 17 |